

Айтыс

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БІТІМІ МЕН БОЛМЫСЫН

АЖАРЛАЙТЫН АСЫЛ ӨНЕРІ

Дидар Қамиев — бүгінгі айтыстың алдыңғы қатарлы ақындарының бірі. Жаста болса облысымыздың намысын көрғап, талай республикалық айтыстардың жүддесін қанжығасына байлаған. Суырып салма енерімен қаруланып, қазақ халқын жырымен сусындатқан ақиық ақын Дидар жастарға ұлы болар тұлға. Жас ақынның тілге, еліміздегі айтыс өнеріне қатысты ойларын білу мақсатында ат басын Дидарға бұрған едік.

- Ен алғаш айтысқан кезіңіз есіңізде ме? Неше жаста едіңіз ол кезде?

-Ен алғаш 1999 жылы аудандық "Арқа үні" фестивалінде, қазіргі таңдағы Қарағанды облысынан ақиық ақындарының бірі Тілеген Әділов ағаммен айтыстым. Ол кезде 11 жаста болатынмын.

- Осыған дейін қанша айтысқа қатыстыңыз және ең үлкен жүлдеңіз не?

- Қанша айтысқа қатысқаным есімде жоқ екен. Арнайы санаған емеспін. Жүлдені үлкен-кіші деп беліп қараған емеспін. Осы уақытқа дейін айтыстан мінгенім төрт көлік. Соның ең алғашқысы Мәшбүр-Жүсіп Көпейұлының 150 жылдығына арналған республикалық ақындар айтысының бас жүлдесін иеленіп, Волга автокөлігін міндім. Алғашқы жеңіс, алғашқы көлік болғандықтан болар сол бір сәт есімде ерекше қалыпты. Анығында мен үшін халықтың ықыасынан үлкен жүлде жоқ!

Ақындық өнер кіннен дарыған?

-Атам Ахметов Қами халық жырларын, қисса-дастандарды жатқа айтатын, табан астында суырып өлең шығаратын қазына қарттардың бірі болған. 5 жасымнан сол атамның бауырында халық ауыз әдебиетімен сусындап өстім. Біздің жақ ақындық атамнан дарыған десе, әжем нағашыма тартқансың депті. Нағашысы айтулы ақын - Жәкен Байтуов. Осындай талас бар екі арада. "Қасқа айғырдың баласы төбел туар" демекші, мен атаға тартып туған ұлым. Әжем жағынан да дарыған болар. Анығында Алланың берген дарыны ғой!

Ұстазыңыз кім? Өзіңіздің тәрбиелеп жүрген шәкірттеріңіз бар ма?

-Аманжол Әлтаев ағамыз бастаған Арқадағы ақындардың барлығы ұстазым. Айтыстағы ағабуынөкілдерінің барлығына өзімді шәкірт санаймын! Сол ағаларымның жақсы қасиеттері бойыма

Айтыста жүлдеге ілінбей, құрқол қайтқанда өкпелейсіз бе?

-Алғашқы кезде жүлдеге ілінбей қалсам, қазылардан қиянат көісем барден көңіліме алатынмын. Қазір бәріне де сабырлық қылуға тырысамын. Себебі

ушығып тұрған уақытпен тұспа тұе келіп қалғаннан болар осындай шудын болғаны. Хатта Дидар ата бабамызға тіл тигізді делінген. Мен ата-бабамызға тіл тигізіп бір ауыз сөз айқан жоқпыш. Сол айтысты көрген адам мұны білуге тиіс.



онын бәрі сынақ. Бүгін алмасам ертең де айтыс бар. Әр қиындықтың артында екі жққсылық болады, тек сабырлық таныта білу керек!

- Айтысуға алдын ала дайындаласыз ба? Жаттап алыш айтысқан кезіңіз болды ма?

-Дайындаламын. Дайындалып бару айтысқа жауапкершілікпен қарауды көрсетеді. Осы күні кей адамдар ақындар айтысқа дайындалып барады екен, айтыс деген аяқ астынан шығу керек қой деп даурығып жатады. Өздері біреудің тойыша барып екі ауыз тілек айтуға да дайындалып баратыны есінен шығады ондайда. Оған қарағанда мыңдаған адамды аузына қаратып өлеңмен айтысудың қандай ауыр екенін бағамдай бергіз. Қырғыздың Қатағанымен айтысқанда қазақтың үш жүзін түгелдеп шыққан Сүйінбай ағамыз соның бәрін табан астында құраған жоқ,- Ойын жинақтап іштей дайындалып барғаны сөзсіз. Ал, жаттап алып айтысқан кезім болған емес.

Ал Түркістан екінші Мекке емес дегенді мен өз ойымнан шығарған жоқпын. 2009 жылы Ислам және Өркениет газетінде жарық көрген Бас муфти Әбсаттар қажы Дерібсәлінің «Екінші Мекке, екінші

Қағба жоқ» деген мақаласы бар. Сонда бәрін ашып түсіндірген. Мен ешқандай да уахабист, сектант емес, Діни басқармаға бағынатын, ата бабамыз ұстанған Ханафи мәзһабын ұстанатын, қатардағы мұсылманның бірі ғанамын. Айтағым осы.

- Айтыскер ақындардың ішіндегі жақын досыңыз кім?

- Достарым көп. Бөліп-жармай-ақ қояйын...

Болашақта қай ақынмен айтысқыңыз келеді?

-Бекарыс Шойбековпен айтыссам деймін себебі ол кісі қазақтың ең азулы ақындарының бірі. Шаппа шап айтыстың хас шебері! Бекенмен айтысу мен үшін өт қызық!

Алдағы уақытта қандай жоспарларыңыз бар? Жыр жинағын

сіңіріп, білмегегенімді үйреніп келемін. Туған бауырларым Айдар мен Ұланғасыр облыстық айтыстар мен мүшәйрәларда жүлделіорыннан көрініп жүр! Соларға азды көпті ақыл қосқаным болмаса, әзіргеарнайы тәрбиелеп жатқан шәкірттерім жоқ.

- Жиырма жылда ұлттық рухты көтеріп, мемлекеттік тілді дамыта алмай жүрміз. Жас болсаң да көпті көрген ақынсың. Сіздіңіше, бұл олқылықтың орнын қалай толтыруға болады?

- Қанша тәуелсіз елміз деп кеуде қаққанмен әлі күнге орысқа жалтақтаймыз. Басқны былай қойғанда көшеде бір қайыршы орыс, мас боп құлап жатса да оған барып соның тілінде сөйлейміз! Жастарымызда батысқа еліктеу басым. Ата-ананың балаға қарайтын уақыты жоқ. Оларды орыстың мультфильмдері тәбиелейді.

Туғантілгее туып тұр бұлынғыр шак, Бұл нәубеттамырыңның

түбін қыркад. Николайдың тілінде былдырлап жүр, Никелодеон көретін бүгінгі ұрпақ! Бүгінгі қоғамның айқайлап тұрған қасіретіосы! Сондықтанұрпақтәрбиесіне көп көңіл бөлгеніміз дұрыс! Ұлтын сүйетін ұл-қыздарымыз көбейгенде ғана ана тіліміз алға басады!

- Айтыс қазақ халқына небереді.
-Айтыс керек емес деп жүрген ағаларымыздың сөзінен кейін қойылған сұрақ шығар бұл. Өйтпесе айтыс қазаққа не береді деудің өзі артықтау болар. Айтыс- қазақ халқының ешкімге ұқсамайтын бітімімен болмысын ажарлайтын асыл да арда өнері! Қиын-қыстау кезеңді бастан кешірген қазақ халқы ақындардың жырынан қуат алғаны сөзсіз. 1943жылы Алмаыда республикалық ақындар айтысы өтіп.ақындарымыз Ұлы Отан соғысын бастан кешіріп, қайғы жұтып отырған елдің елдің рухын бір көтеріп тастаған болатын! Қазақ халқының аса бір ұлы қасиетісол қынаптан суырып алған қылыштай қолма-қол қиып айтатын айтқыштығында , айтыскерлігінде" - дейді М.Әуезов. Олай болса айтысты қазақ халқынан бөліп қарау мүмкін емес деп ойлаймын. Жер бетінде қазақ барда айтыс мәңгі жасай береді!

- Қазіргі айтыста не жетіспейді деп ойлайсыз?

-Қазіргі айтыста шынайылық жетіспейді

- Айтыскер ақындардың басым көпшілігі дін жолында, бұл еліктеушілік пе әлде?

-Ақындар ғана емес, басқа да өнер адамдары,жалпы жастардың көбі дінге бет бұруда. Және бұл қуанатын жағдай. Себебі ақындар қоғамдағы үлкен қозғаушы күш. Қасиетті Құранда ақындарға арналған "Шұғара" деген сүре бар. Онда:"Ақындарға азғындар ілеседі Бірақиман келтіріп, ізгі іс істегендер, Алланы көп зікір еткендер және зұлымдық көрсе артынан (өлеңмен) кек алғандар бір басқа делінген." Демек Алланы таныған ақын алдымен аузындағы сөзді түзейді, түзу сөз елді түзейді Кешегі ақын бабаларымыздың көбідіндар,тақуаболған.Ыбырай,Абай, Шәкәрім аталарымыз құранды оқып, хадисті тоқыған адамдар болған. Ал, кімнің дінге қалай келгенін білмеймін. Себебісіз ешкім дінге бет бұрмайды.

- Дидар Қамиев қасиетті Түркістанды Шіркістан деп қаралады деген ашық хаттың Елбасына жолданғанынан хабардармыз. Осы жайында не дейсіз?

- Өткен жылы осы оқиғаның елді бір дүрліктіргені рас. Хат жазған аталар мені дұрыс түсінбеді деп ойлаймын. Және мені қазіргі жат ағымдардың бір өкілі депойлағанболуы керек.Өзімде «қаттыайтыпқойдым-ау»,-дегенөкініш те жоқ емес. Ол үшін кешірім сұраймын. ӨйтседеменТүркістандышіркістан деген жоқпын. Бұл анық бұрмалау. Менің айтқан өлең жолдары мынадай:

Шіркістанқып,
Ұяттың қызылы тұр екі бетте.
Яғни, түркінің тұғыры,
тарихымыздың түбірі болған, Арыстан
баб, Қожа Ахмет Яссауи сынды ұлан
ғайыр жерімізге асыл дінді таратқан
әулие бабаларымыз жатқан киелі
Түркістанды аққу сұңқар жайлаған,
күйзелгендерді алдап арбап апарып
торына түсіретін сауданың ордасына,
өлілергетабындырып Алла тағаланың
кешірмейтін күнәсі шірік жасайтын
орынғаайналдырыпжатырсындардедім.
Айтқым келгені осы еді түсінгенге. Бір
жағынан қазіргі қоғамда болып жатқан
түрлі жарылыстар, әртүрлі ағымдардың
әрекеттері елді дүрліктіріп, исламды
құбыжық қылып қойғаны тағы бар.
Менің айтқаным да сол мәселелер

шығару ойыңызда бар ма?

-Жыр жинағын шығаратындай өлең жазбаймын. Айтыстарымды жинақтап шығару ойымда бар.

- ЖақындасізТүркиямемлекетінің Кайсери мен Эрзурум қалаларында өткен түркі тілдес халықтардың симпозиумына Қазақстанатынан қатысып, қазақтың суырыпсалмалық өнерін көпшілікке паш еткеніңізді естіп жатырмыз! Сол жайлы сөз өрбітсеңіз?

-Бұл шара мамыр айының 13-19 жұлдызы аралығында өткен болатын. Алдымен Кайсери шаһары маңындағы, Девели ауданында түрік ақыны Ашық Сейраниге арналған симпозиум, одан соң Эрзурум қаласында түркі халықтары бас қосқан үлкен конференция өтті. Барлығы да көңілімнен шықты. Жалпы түріктердің өнерге деген құрметі ерекше ұнады. Бір түрік шығып өлең айтса, бүкіл зал қосылып отырғанын көзім көрді. Халқы өте мейірімді. Мұсылманшылықтың иісі аңқып тұр. Бірақ қанша сыйлап тұрғанымен өздерін бірінші орысқа қояды. Себебі империя қай кезде де империялығын жасайды. Халқының басым көпшілігін түріктер құрамағанымен, бәрі өзін түрікпен деп санап, түріктіліңдесөйлейдіекен. Бірлік бар жерде береке болатыны анық. Ал бізде керісінше қазақ боламыз деудің" орнына жерімізде 130 ұлт тұрады деп ұрандаймыз, солардың көңілін табамыз деп тідерін үйренеміз. одан қалса жүзге, руға, жерге бөлінеміз. Бұл ұлтты өшірмесе, өсірмейтіні ақиқат. Осыған жүрегім ауырады!

- Оқырмандарға айтар тілегіңіз.

Құрметті оқырманы орталықтың, Айтыс - бұл айнасы ортақ ұлттың. Сіздерге тілейтінім тек жақсылық,

Әрқашанда рухымыз асқақ болсын,
Қабырғалы қазақтай ер халықтың!
- Әңгімеңізге рахмет!

Жырларың мен жалынды сөздерің қазақ халқының жүрегіңде мәңгі сақталып, әрдайым облысымыздың атын биікке көтеріп, тек қана мәртебелі мәрелерден көріне бер дегіміз келеді! Алаштың туы желбірей берсін! Жарайсың, Дидар!

**Сұхбаттасқан
Жанна ИБРАЕВА,
студент.
Қарағанды қаласы.**

Шет шұғыласы.- 2012.- 19 шілде.- 5 б.